

Күршім ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірінғай жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Күшіні жойған

Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 7/10-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 26 қаңтарда № 4852 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 2018 жылғы 25 сәуірдегі № 22/9-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 25.04.2018 № 22/9-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 386 бабының 5 тармағына, 444 бабының 1 тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Күршім аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Күршім ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 378 бабында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемесі және Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 444 бабында белгіленген бірінғай жер салығының базалық мөлшерлемесі он есеге жоғарылатылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Күршім аудандық
мәслихаттың хатшысы*

*Л. Қумарова
М. Сағанақов*

